

Электр энергиясының бөлшек сауда рыногын реформалау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 19 шілдедегі N 150-ө өкімі

1. Электр энергиясының бөлшек сауда рыногын реформалауды жүзеге асыру мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Мыңбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Сауат Мұхаметбайұлы Министрінің орынбасары, жетекші

Оразбаев - Қазақстан Республикасының
Бірлік Есіркепұлы Энергетика және минералдық ресурстар
вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Жандосов - Қазақстан Республикасы Табиғи
Ораз Әлиұлы монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау жөніндегі
агенттігінің төрағасы (келісім

бойынша)

Асанов - Қазақстан Республикасының Әділет
Жақып Қажманұлы вице-министрі

Раханов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Мақсұтбек Смағұлұлы министрлігі Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің төрағасы

Бертісбаев - Қазақстан Республикасының
Несіпқұл Бертісбайұлы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігінің Департамент директоры

Бозымбаев - "KEGOC" ААҚ-тың президенті
Қанат Алдабергенұлы

Әбітаев - "KEGOC" ААҚ-тың вице-президенті
Есберген Әбітайұлы

Дәукеев - Алматы энергетика және байланыс
ІҰмарбек Жүсіпұлы институтының ректоры (келісім

бойынша)

Жақсалиев Бақытжан - "КОРЕМ" ЖАҚ-тың президенті
Мұхамбетқалиұлы

Жамұханов - "Көкшетауэнерго" ЖШС-ның
Талғат Үкімжанұлы президенті (келісім бойынша)

Кухарский - "Алматы Пауэр Консалидейтед" ЖАҚ-тың
Анатолий Павлович бас инженерінің орынбасары
Спасов - "Аксесс энерго трейд" бас директоры
Евгений Никифорович
Табанов - "Астанэнергосервис" ААҚ-тың
Эльдар Рашидович басқармасының төрағасы
Дүкенбаев Кенжемұрат - Қазақстан Республикасы
Дүкенбайұлы Премьер-Министрінің кеңесшісі -
жетекшінің орынбасары
Михалченко - Қазақстан Республикасының
Василий Николаевич Индустрия және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары

Ескерту. Өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2003.07.25. N 156-ө өкімімен .

2 . Ж ұ м ы с т о б ы :

- 1) 2003 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Электр энергиясының бөлшек сауда рыногын реформалау тұжырымдамасының жобасын енгізсін;
- 2) 2004 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде Электр энергиясының бөлшек сауда рыногы жұмыс істеуінің ережесін әзірлесін.

Премьер-Министр